

Қорытынды

Қорыта келе, сайттарды ұйымдастыру көп еңбектенуді, ақпараттың нақты, сапалы болғанын қадағалауды қажет етеді. Сайт құрылымының өзіндік моделі, мәтіндік сипаттамасы және сайт картасын қамтуы тиіс. Әрбір сайт функционалдық элементтерінің міндеттеріне қарай техникалық тапсырмаларды ескере отырып жасалады.

Әдебиеттер

1. Калиева Э., Ибрагимова Н. Ақпараттық порталдың сайттан айырмашылығы (ерекшеліктері мен артықшылықтары) // «Қазақстан қоғамының даму тенденциялары: әлеуметтік саяси инновациялық аспектілері» атты республикалық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдары, -Қызылорда, 2011ж. 380-385 б.

2. Калиева Э., Ақзуллақызы Л., Сұлтанова Т. Ақпараттық технология көздері - маман даярлаудың кепілі // Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне 75 жыл, Қызылорда, 2012 ж.

Уйпалакова Д.М., Ордабаева Г.К.

КЛАССИФИКАЦИЯ САЙТОВ

Основная цель составления сайтов – организация и реализация информации пространстве. В данной статье рассматриваются классификация и технические задание сайтов.

Ключевые слова: сайт, информационные-коммуникационные технологии, единое информационное пространство, сервис, портал.

Uypalakova D., Ordabayeva G

CLASSIFICATION OF SITES

The main purpose of making websites - organization and implementation of the information space. This article discusses the classification and technical job sites.

Keywords: site, information of communication technologies, common information space, portal, service.

ӘОЖ 656.021

Үмбеталиев Н.А., Қыдралиева И.А.

(Қазақ ұлттық аграрлық университеті)

ЛОГИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫ ЗЕРТТЕУ

Андатпа

Мақалада логистикалық жүйені жүк тасымалдауда тиімді қолдану, логистикада ақпараттық және материалдық ағымдарды жүйелі пайдалану келтірілген. Материалды ағымдарды басқару бойынша дәлелді шешімдер қабылдау, сұранысты болжамдау және соның негізінде қорларды жоспарлау жолдары қарастырылған.

Логистиканың өзектілігі және оны зерттеуге деген қызығушылықтың артуы логистикалық әдісті қолдануды ашатын материал өткізуші жүйелердің тиімді қызмет етуін жоғарылататын потенциалды мүмкіндіктерімен түсіндіріледі. Логистика шикізат

пен жартылай фабрикаттарды сатып алу мен дайын өнімді тұтынушыға жеткізгенге дейінгі уақыт аралығын қысқартуға мүмкіндік береді, материалды қорлардың күрт қысқаруына әсер етеді. Логистиканы қолдану ақпарат алу үрдісін жеделдетіп, қызмет көрсету деңгейін жоғарылатады. Логистикаға деген отандық ғалымдардың, жоғарғы оқу орындарының оқытушыларының, ғылыми-техникалық жұмысшылардың, өнеркәсіп және көлік кәсіпорындарының менеджерлерінің, инженерлер мен бизнесмендердің қызығушылығы тек отандық экономика үшін жаңа және айтуға ыңғайсыз терминмен ғана емес, сондай-ақ өнеркәсібі дамыған елдер экономикасында логистикалық әдісті қолдану арқасында алынған әсерлі нәтижелерімен түсіндіріледі [1].

Шетел тәжірибесі көрсеткендей, қазіргі бизнесте логистика стратегиялық маңызды орынға ие. Осы салада табысқа жеткен көптеген мамандардың компания басшылығындағы жоғарғы қызмет орындарына жылжитыны кездейсоқ емес. Қазіргі уақытта алдыңғы қатарлы фирмалардағы логистиканың дәстүрлі функционалды салалары стратегиялық инновациялық (жаңартпа) жүйе құра отырып, жалпы ақпараттық-компьютерлік платформа негізінде бірікті. Логистика саласындағы қызмет көп қырлы. Оған көлікті, қойма шаруашылығын, қорларды, кадрларды басқару, ақпаратты жүйелердің ұйымдастырылуы, коммерциялық қызмет және т.б. жатады. Аталған әрбір функция сәйкес салалық пәнде терең зерттеліп, баяндалған. Логистикалық тәсілдің жаңалығы – негізгі өзара байланыс. Логистикалық әдістің мақсаты – материалды ағымдарды толассыз басқару [2].

Материалды ағымдарды басқару әр уақытта шаруашылық қызметтің маңызды жағы болып табылатын. Дегенмен, ол тек жақында ғана экономикалық өмірдің маңызды функцияларының біріне айналды. Негізгі себебі – өндірістік және сауда жүйелерінің тұтынушының тез өзгеріп отыратын талғамына жылдам икемделуі қажеттігін туғызған сатушы рыногынан сатып алушы рыногына өту [3].

Логистика бойынша бірінші ғылыми еңбектерді шығарушы ретінде XIX ғасырдың басындағы француз әскери маманы Джоминиді атауға болады, ол логистикаға мынадай анықтама берген: “логистика - әскерлерді маневрлеудің практикалық өнері”. Ол логистикаға тек тасымалдау ғана емес, сондай-ақ жоспарлау, басқару және жабдықтау мәселелері, әскерлерді орналастыру жерлерін анықтау, сонымен қатар көпір, жол және т.б. салу мәселелері жатады деп пайымдаған. Логистика әскери ғылым ретінде тек XIX ғасырдың ортасында ғана қалыптасты [1].

Логистика дамуының тағы бір бағыты – экономикалық, мұнда логистика деп шаруашылық жүргізудің ғылыми-практикалық бағыты, яғни өндіріс және айналым сфераларындағы материалды және олармен байланысты ақпараттық және қаржы ағымдарын тиімді басқару түсіндіріледі.

Логистиканың практикалық потенциалын алғашқы болып американдық мамандар Пол Конверс және Питер Дракер түсінді. Олар оның потенциалды мүмкіндіктерін “шығындарды үнемдеудің соңғы шегі” және “экономиканың танылмаған материгі” ретінде анықтады. Кейіннен олардың көзқарастарын көптеген теоретик-логистиктер бөлісті. М. Потер, Д. Стон және басқа да осылар сияқты американдық зерттеушілердің айтуынша, логистика өзінің дәстүрлі тар анықтамасының шекарасынан шықты және фирманың жоспарлауы мен стратегиялық басқаруында маңызды орын алады [2].

Логистиканы материалдық және олармен байланысты ақпараттық ағымдарды басқарудың теориясы мен практикасы ретінде қарастырады.

Материалды ағымдарды басқару, басқа кез келген объектілерді басқару сияқты, екі бөлімнен тұрады [4]:

- шешім қабылдау;
- қабылданған шешімді жүзеге асыру.

Материалды ағымдарды басқару бойынша дәлелді шешімдер қабылдау үшін белгілі бір білім қажет. Осы білімді жасайтын қызметті логистикаға жатқызады;

сәйкесінше көптеген анықтамалар логистиканы ғылым немесе ғылыми бағыт ретінде пайымдайды: логистика – материалдық ағымдардың тиімділігін жоғарылатудың жаңа мүмкіндіктерін іздеумен тікелей байланысты пәнаралық ғылыми бағыт [1].

Ғылым ретінде логистика мынадай міндеттер атқарады:

- сұранысты болжамдау және соның негізінде қорларды жоспарлау;
- өндіріс пен көліктің қажетті қуаттылығын анықтау;
- материалды ағымдарды оңтайлы басқару негізінде дайын өнімді бөлудің ғылыми принциптерін жасау;
- өндіріс пунктінде және тұтынушылардағы тиеу үрдістерін және тасымалдау-қоймалау операцияларын басқарудың ғылыми негіздерін жасау;
- логистикалық жүйелердің қызмет етулерінің түрлі математикалық модельдерінің варианттарын құру;
- дайын өнімдерді бірлесіп жоспарлаудың, жабдықтаудың, өндірістің, қоймалаудың, өткізудің және тасымалдаудың әдістерін жасау және т.б. бірқатар мәселелер.

Ғылыммен алынған білім материалды ағымдарды басқару саласында дәлелденген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Қабылданған шешімдерді тәжірибе жүзінде жүзеге асыру үшін нақты әрекеттер қажет. Сондықтан да анықтамалардың басқа тобы логистиканы шаруашылық қызмет ретінде қарастырады: логистика - өндіріс және айналыс сфераларындағы материалды ағымдарды басқару болып табылатын шаруашылық қызметтің бағыты [4].

Логистиканың негізгі объектісі – ішкі материалды ағымдардың схемасын, шикізаттың алғашқы көздерінен бастап соңғы тұтынушыға дейін, қарастырып өтейік (1-сурет). Бұл схемадағы материалдар қозғалысының бүкіл жолын екі үлкен учаскіге бөлуге болады:


- бірінші учаскіде өндірістік-техникалық бағыттағы өнімдер қозғалады;
- екіншіде – халық тұтынатын бұйымдар.

Тізбек бойынша қозғалуына байланысты саналық құрамы өзгеріп отырады. Ең алдымен, шикізат көзі мен алғашқы өндеуші кәсіпорын арасында, сондай-ақ түрлі өндірістер арасында жаппай біртекті жүктер қозғалады. Тізбектің соңында материалды ағымдар тұтынуға дайын әр түрлі тауарлар ретінде көрінеді. Кейбір өндіріс орындары ішінде материалды ағымдар бар. Мұнда цехтар арасында немесе цехтардың ішінде түрлі бөлшектер, жартылай фабрикаттар, дайындамалар орын ауысып отырады.

Логистикалық процесс кезінде материалдық ағым кәсіпорынға дейін жеткізіліп, қойма және өндірістік учаскілер тізбегі арқылы оның тиімді жылжуы ұйымдастырылады, содан соң дайын өнім тұтынушыға оның тапсырысына сәйкес жеткізіледі.

Қазіргі бизнесте логистика стратегиялық маңызды орынға ие. Осы салада табысқа жеткен көптеген мамандардың компания басшылығындағы жоғарғы қызмет орындарына жылжитыны кездейсоқ емес. Бизнес тұрғысынан қарағанда, логистика деген корпоративті мақсатқа барлық ресурстардың оңтайлы шығындарымен жету үшін материалды және басқа да (ақпараттық, қаржы, қызмет) ағымдарын тиімді басқару [2].

Логистика саласындағы қызмет көп қырлы. Оған көлікті, қойма шаруашылығын, қорларды, кадрларды басқару, ақпаратты жүйелердің ұйымдастырылуы, коммерциялық қызмет және т. б. жатады. Аталған әрбір функция сәйкес салалық пәнде терең зерттеліп, баяндалған. Логистикалық тәсілдің жаңалығы – негізгі өзара байланыс. Логистикалық әдістің мақсаты – материалды ағымдарды толассыз басқару [3].



1- сурет. Материалды және ақпараттық ағымдар арасындағы кесте

Материалды ағымдарды басқару әр уақытта шаруашылық қызметтің маңызды жағы болып табылатын. Дегенмен, ол тек жақында ғана экономикалық өмірдің маңызды функцияларының біріне айналды. Негізгі себебі – өндірістік және сауда жүйелерінің тұтынушының тез өзгеріп отыратын талғамына жылдам икемделуі қажеттігін туғызған сатушы рыногынан сатып алушы рыногына өту.

Қазіргі таңда Қазақстандағы логистиканың дамуы нарық заңдары мен қағидаларынан туындағандай логистиканы игеру және оны кәсіпорындағы басқару жүйесімен бірігуі нарықтық экономиканың даму деңгейін көрсетеді.

Нарықтағы қатаң бәсеке, халықтың төлем қабілеттілігінің төменділігі, кәсіпорынның айналым құралдарының жеткіліксіздігі, өндірістік шығындардың үнемі өсуі отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп, өткізуді қиындатуда [4].

Әрбір кәсіпорынның нарыққа дұрыс қадам жасау үшін логистика ауадай қажетті нәрсе, бірақ бұл логистика өз бетінше кешенді сала ретінде қызмет етеді деп айту қиын, себебі кәсіпорынға логистиканы жүргізу беймәлім белгісіз зат, оны қалай өткізу, қалай жоспарлау, қандай әдіс қолдану деген сұрақтар туындайды. Бұл сауалдардың әрбірі өз бетінше тағыда сұрақтар туғызады, ал осының бәрін дұрыс қолданбауы нақты мәліметтердің бетін ашпайды, сондықтан нарықтағы кәсіби маманданған логистиканы жүргізумен айналысатын ұйымдарға жүгіну дұрыс шешім болады.

АҚШ компанияларының 75%-ында осындай логистикалық бөлімшелер бар, онда маркетингтер, статистер, бағдарламашылар, әлеуметтанушылар, психологтар жұмыс істейді, сондықтан бұл компаниялар нарықтық бәсекеге жақсы бейімделген[5].


Шикізаттың бірінші көзінен өндірістік, тасымалдау және делдалдық звено тізбегі арқылы соңғы тұтынушыға жылжи отырып, материалды ағымдардың құны өсіп отырады. Ұлыбританияда жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, соңғы тұтынушыға жеткен өнім құнының 70%-дан астамы сақтаумен, тасымалдаумен, ораумен және материалды ағымдардың қозғалысын қамтамасыз ететін басқа да операциялармен байланысты шығындар құрайды [4].

Тауардың соңғы бағасында логистикаға кеткен шығындар үлесінің көптігі материалды ағымдарды басқаруды оңтайландыруда шаруашылық жүргізу субъектілерінің экономикалық көрсеткіштерін жақсартудың қандай резервтері бар екенін көрсетеді. Логистиканы пайдаланудың экономикалық әсерінің келесі құраушысы тауардың логистикалық тізбек бойында қозғалу уақытының қысқаруы есебінен құралады. Бүгінгі таңда қоймалауға, өндірістік операцияларға және жеткізуге кететін уақыт шығындарының үлесі орташа 2-ден 5%-ға дейін құрайды [5].

Сонымен, айналым уақытының 95%-нан астамы логистикалық операцияларға тиесілі болып отыр. Бұл құраушының қысқаруы капитал айналымын жеделдетуге, сәйкесінше уақыт бірлігінде алынатын пайданы өсіруге, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Логистикалық тәсіл материал өткізуші жүйенің қызмет етуінің басқа да көптеген көрсеткіштерін жақсарту үшін жағдай жасайды, өйткені оның жалпы ұйымдастырылуы жетілдіріледі, жеке звенолардың өзара байланысы жоғарылайды, басқару жақсарады. Кәсіпорынды шикізатпен және материалдармен қамтамасыз ету үрдісінде сатып алу логистикасының мәселелері шешіледі. Бұл сатыда жабдықтаушылар зерттеліп, таңдалады, келісім-шарттарға қол қойылады және оның орындалуы бақыланады, жеткізу шарттары бұзылған жағдайда шаралар қолданылады. Тәжірибе жүзінде сатып алу логистикасының негізгі мазмұнын құрайтын іс-әрекеттің шеңбері жабдықтаушы мен кәсіпорын ішіндегі жабдықтау қызметінің функциялар құрамы арасындағы келісім-шарттарымен анықталады (2а-сурет) [5].

Өндірістік логистиканың саласы материалды сатып алу және дайын өнімді бөлу саласымен тығыз байланысты. Бірақ осы саладағы негізгі мәселелер - өндіріс үрдісіндегі материалды ағымдарды басқару (2 б-сурет).

ӨНДІРІСТІК КӘСІПОРЫН



2-сурет. Сатып алу, өндірістік және бөлу логистикасының мәселелері шешілетін материалды ағымдар учаскілері

Логистиканың басқа да функционалдық салалары сияқты, тасымалдау логистикасының нақты бір белгілі шегі болмайды. Тасымалдау логистикасының әдістерін түрлі тасымалдауларды ұйымдастыруда қолданады. Дегенмен, бұл бөлімдегі зерттеу және басқарудың бастапқы объектісі жалпы пайдаланатын көлікпен тасымалдау үрдісінде орын алатын материалды ағым болып табылады.

Әдебиеттер

1. Тулембаева А.Н. Логистика. Учебное пособие на казахском языке. Алматы: Қазақ университеті, 2004
2. Тулембаева А.Н. Логистика. Учебное пособие. Издатмаркет62004Логистика: Учебник / Под ред. Б. А. Аникина. 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Инфра • М, 2000.
3. Неруш Ю. М. Логистика: Учебник для вузов. 2-е изд., перераб. и доп.- М.: ЮНИТИ: ДАНА, 1998.
4. Голиков Е. А. Маркетинг и логистика. - М.: ИД "Дашков и КӨ", 1999.
5. Смехов А.А. Введение в логику. - М.: Транспорт,1993.

Үмбеталиев Н.А., Қыдралиева И.А.

АКТУАЛЬНОСТЬ ЛОГИСТИКИ И ЕГО ИССЛЕДОВАНИЕ

Актуальность логистики и его исследование, а также повышенное внимание на усовершенствование логистических методов, для качественной перевозки на предприятия. Применение логистики, дает возможность получить информационные сведения и повышает качество обслуживания.

Umbetaliyev N.A., Kydraliyeva I.A.

RELEVANCE LOGISTICS AND RESEARCH

Relevance logistics and research, as well as increased emphasis on the improvement of logistics methods for quality transportation enterprises. Application of logistics enables us to obtain information and improves quality service.

УДК 631.361.95:635

Шило И.Н., Романюк Н.Н., Агейчик В.А., Свирид И.А.

Белорусский государственный аграрный технический университет

РАЗРАБОТКА И ОБОСНОВАНИЕ ПАРАМЕТРОВ УНИВЕРСАЛЬНОГО ТЕХНИЧЕСКОГО СРЕДСТВА ДЛЯ УБОРКИ БОТВЫ КОРНЕПЛОДОВ

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы уборки корнеплодов. Разработана оригинальная конструкция машины, использование которой позволит повысить эффективность отделения ботвы от корнеплодов. Представлены теоретические и лабораторные исследования параметров очистителя головок корнеплодов, расстановки бичей и затрат мощности на их вращение.

Ключевые слова: корнеплод, уборка ботвы, теоретические исследования, лабораторные исследования, патентный поиск, оригинальная конструкция, доочиститель, бич.

Введение

В последнее время падение производства корнеплодов отчасти объясняется отсутствием технических средств для их уборки, и поэтому проблема нехватки техники встает с каждым годом все более остро. Для уборки корнеплодов требуется в достаточном количестве производительная, но простая, универсальная и недорогая техника. Передовая техника из Западной Европы конструктивно сложна и многозатратна, окупается при условии высокой урожайности корнеплодов и большой сезонной выработки главным образом за счет продления периода уборки, что экономически нецелесообразно, так как при ранних сроках уборки теряется до 30% потенциала урожая. Кроме того, тяжелая корнеплодоуборочная техника массой более 30 т является одной из причин деградации почв [1].

Цель исследований - повышение эксплуатационной надежности доочистителя головок корнеплодов от ботвы совершенствованием его конструктивных параметров.

Основная часть

Патентный поиск

Для достижения поставленной цели был проведен патентный поиск, который показал, что известна машина для уборки корнеплодов, содержащая последовательно